

№ 1 Дәріс. Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану

Сабақтың жоспары

1. Әлеуметтанудың зерттеу нысаны мен пәні
2. Әлеуметтанудың басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен байланысы
3. Әлеуметтанулық білімнің құрылымы
4. Әлеуметтанудың заңдары
5. Әлеуметтану ғылымының қызметтері (функциялары)

Дәрістің мазмұны

Кіріспе Әлеуметтанудың мақсаты мен міндеті – қоғам мен әлеуметтік құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсінуді көздейтін негізгі бағыттар болып табылады. Әлеуметтану – бұл қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, әлеуметтік құрылымдарды, институттарды, нормалар мен құндылықтарды зерттейтін ғылым. Әлеуметтанудың негізгі мақсаты: Қоғам мен әлеуметтік өмірдің заңдылықтарын түсіну. Әлеуметтанудың міндеттері:

- Әлеуметтік ақпаратты жинау және өңдеу.
- Қоғамдағы құрылымдар мен институттардың қызметін зерттеу.
- Адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын зерттеу.
- Қоғамдағы өзгерістерді бақылау.
- Әлеуметтік проблемаларды анықтау және шешу жолдарын ұсыну.

Қорытынды: Әлеуметтану – қоғамды тереңірек түсінуге көмектесетін ғылым. Ол тек теориялық білім беріп қана қоймай, нақты практикалық шешімдер ұсынуға бағытталған. Сондықтан оның мақсаты мен міндеттері – қоғамдағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге, әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуге және тұрақты даму жолын іздеуге бағытталған.

Негізгі бөлім

1. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қоғам туралы ғылыми зерттеулер экономикалық, демографиялық, заңдық және өзге де аспектілерде бөліне бастады. Бұған әлеуметтанымдық зерттеулер де қосылды. Осы кезеңнен бастап қоғам дамуының жан-жақты құбылыстарын танып білуде оның әлеуметтік жақтарына көңіл аударуға байланысты әлеуметтану пәні қалыптаса бастады. Этимологиялық тұрғыдан алғанда «Социология» деген қоғам туралы ғылым. Бұл термин латынның *societas* (қоғам) және гректің *logos* (ілім) деген екі сөзден құралған, ал оны ғылыми қолданысқа енгізген, осы дербес ғылымның негізін салушылардың бірі саналатын француз ойшылы Огюст Конт. Сонымен «Әлеуметтану» – тарихи қалыптасқан әлеуметтік жүйелер дамуының, оның өмір сүруінің өзіндік заңдары мен заңдылықтары, жекелеген адамдардың, әлеуметтік топтардың, таптардың халықтардың өміріндегі осы заңдардың әрекет ету механизмдері мен көріну формалары туралы ғылым. (П.А.Сорокин. Система социологий. Т.1.) Ал неміс ғалымы М.Веберге сүйенсек, әлеуметтану - әлеуметтік жүріс-тұрыстарды түсіну мен ұғындыруға ұмтылатын ғылым. Себебі, оның ойынша, әлеуметтік жүріс-тұрыс адамның қатынастарынан туындайтын оның позициясы. Қазіргі замандық ғылымда – әлеуметтану қоғамды әлеуметтік толық жүйе ретінде қарастыратын және осы жүйенің жеке тұлғалар, әлеуметтік қауымдар, институттар сияқты өзіндік құрамдас элементтері арқылы қызмет етуі мен дамуы туралы ғылым деген анықтама кең тараған.

Әлеуметтанудың зерттеу нысаны (объектісі) – қоғам және оның өмір сүру, даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, құрамында топтары, таптары, жіктері, ұйымдары, ұлттары, халықтары бар әлеуметтік қоғам әлеуметтанудың негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Әлеуметтанудың зерттеу объектісінің ерекшелігі объективті өмірдің нақтылы реалдығымен байланысында.

Тарих барысында әлеуметтану пәні туралы түсініктер ауысып отырды. Мысалы, Ұлы француз социологі Эмиль Дюркгейм пәнді әлеуметтік фактілер деп көрсеткен. Қазіргі замандық ғылымда – әлеуметтану пәні әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік өзара әрекеттесулер, әлеуметтік қатынастар және оларды ұйымдастыру амалдары деп танылады. Немесе, тағы бір анықтаманы келтіретін болсақ - қоғамдағы жеке адамдар, әлеуметтік топтар, жіктер мен қауымдастықтар, институттар мен процестер тіршілігі мен қарым-қатынастарындағы, олардың іс-әрекеттеріндегі барлық проблемалық жағдайлар социологияның зерттеу пәні болып табылады. Сонымен, әлеуметтік, әлеуметтік байланыстар мен қатынастар, оларды ұйымдастыру амалдары сияқты ұғымдар әлеуметтанулық білім пәнінің ерекшелігін түсінудің бастаулары болып табылады.

Жалпы айтқанда, әлеуметтану пәніне әлеуметтік ерекшелігі бар барлық байланыстар мен қатынастар жиынтығын жатқызамыз. Әлеуметтік дегеніміз қоғамдағы қарым-қатынастардың, индивидтердің бірлескен іс-әрекеттерінің жиынтығы, олардың қоғамдық өмірдегі құбылыстар мен процестерге қарым-қатынасы. Қазіргі ғылымда «әлеуметтік» деген терминнің бірнеше мағынасы бар. Біріншіден, бұл термин адамдар арасында әлеуметтік байланыстардың болатындығын дәлелдейді. Осы мағынада «әлеуметтік» термині – қоғамдағы жасына, дүние-мүлкіне, ұлттық белгілеріне қарай ерекшеленетін адамдардың, түрлі қауымдардың өзара ықпалдары жүзеге асатын қоғамдық өмір өрісін анықтаумен байланысты. Ресей ғалымы Г.В.Осипованың айтуынша әлеуметтік деген, қоғамдық қатынастардың тұлғааралық деңгейдегі көрінісі. Шын мәнінде индивидтер өзара әрекеттесу процесі арқылы бір-біріне әсер береді, себебі олардың әрқайсысының өзіндік әлеуметтік сапа-қасиеттері бар.

2. Әлеуметтану жеке дара емес, басқа да әлеуметтік ғылымдармен тығыз байланыста дамып отырады. Әлеуметтанудың әлеуметтік философиямен, тарихпен, саясаттанумен, және басқа да ғылымдармен арақатынасын, өзара әсерін зерттеу аса маңызды. Әлеуметтанумен әлеуметтік философияның арақатынасы социологияның философия ғылымына жатпайтындығына, әлеуметтік философияға қарағанда қоғамның аясы тарлау заңдарын зерттеуіне байланысты. Әлеуметтану да әлеуметтік философия да қоғамды тұтастай интегралды құрылым ретінде қарастырады. Бұл – осы екі ғылым саласының тығыз байланысын көрсететін ортақ белгілері. Әлеуметтік философия әлеуметтанудың жалпы теориялық және методологиялық негізі болады. Қоғамның жалпы философиялық заңдарының, категориялардың, ұғымдардың ауқымына сия бермейтін өзіндік ерекше әлеуметтік байланыстары мен әсері, қырлары, жақтары, ерекшеліктері болады. Әлеуметтану осыларды зерттейді. Егер әлеуметтік философия өзінің дамуында қоғам туралы арнайы ғылымдардың жетістіктеріне тікелей сүйенетін болса, социологиялық зерттеулер басқа да қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып, эмпирикалық тұрғыдан тексеруге болатын әлеуметтік деректерді жинау мен талдауға, жинақталған нақтылы эмпирикалық мәліметтерге тікелей негізделеді. Ал әлеуметтік философия қоғамдық дамуды абстракциялы түрде жоғары деңгейде сипаттайды.

Қоғам тарих ғылымының да зерттеу нысаны саналады. Тарих пен әлеуметтанудың айырмашылығы мынада: тарих қоғамның өткенін зерттеп, оның даму жолдарын нақтылы жүйемен түсіндіруге мән береді, ал социологияда қоғамның ағымдағы құрылымы мен өмір сүруіне көңіл аударылады. Социологтың міндеті негізінен қоғамның бүгінгі күйін талдау. Тарих пен социологияның арасында ортақтық пен өзіндік ерекшеліктер бар.

Әлеуметтану саясаттанумен де тығыз байланыста. Мысалы, әлеуметтік қауымдастықтар, әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік институттар – саясаттанудың да социологияның да зерттеу нысаны. Бірақ та екуінің өзіндік айырмашылықтары да бар. Әлеуметтану қоғамның әлеуметтік құрылымы, адамдардың, әлеуметтік топтардың, ұлттар мен халықтардың әлеуметтік мәртебесі, олардың өзара әсері, т.б. тұрғысынан қарастырады. Саясаттану болса, қоғамға азаматтардың құқықтары мен міндеттерін талдау тұрғысынан келіп, саяси жүйенің құрылымы мен саяси билік қатынастарын зерттейді; саяси институттар

мен ұйымдардың орнын, ролі мен қызметін айқындайды. Социологиялық зерттеулер де саясаттануда кеңінен қолданылады.

Экономика ғылымының әлеуметтанудан айырмашылығы сол, ол қоғамды тұтас жүйе түрінде емес, оның бір ғана экономика саласын зерттейді. Экономика ғылымы материалдық өндірісті, адамдардың экономикалық іс-әрекеттерін, т.б. тұтас түрінде зерттесе, социология толығымен экономика ғылымына арқа сүйейді. Сондай-ақ, әлеуметтану құқықтану, әлеуметтік психология, демография, мәдениеттану т.б. ғылымдармен де тығыз байланысты.

Сонымен философия да, тарих та, саясаттану да, социология да қоғамды өз тұрғыларынан зерттейді: философия қоғамның дамуы мен өмір сүруінің жалпы заңдарын ашады; тарих осы заңдардың тарихи қозғалыста жүзеге асуын қарастырады; саясаттану қоғамның саяси жүйесі мен билік мәселелерін қарастырады; ал социология қоғам құрылымындағы осы жалпы заңдарды нақтылай түседі.

3. Әлеуметтанудың құрылымы:

1) Мазмұндық:

- Эмпирикалық деңгей. Арнайы әдістерді пайдалана отырып, әлеуметтік өмірдегі шынайы фактілерді жинау мен талдауға арналған әлеуметтік зерттеулер жиынтығы
 - Теориялық деңгей. Тұтас әлеуметтік жүйе мен оның элементтерінің даму үрдісін түсіндіруші көзқарастар, пікірлер, гипотезалар, пайымдаулар жиынтығы
- Методологиялық деңгей. Әлеуметтік білімнің қалыптасуы, жинақталуы мен қолданылуы негізіндегі қағидалар жүйесі

2) Мақсаттық:

- Іргелі әлеуметтану. Әлеуметтік шынайылықтың қалыптасуы жөніндегі білімнің, әлеуметтік даму үрдісін түсіну, сипаттау, түсіндіруге қатысты ғылыми мәселелерді шешеді.

Қолданбалы әлеуметтану. Шынайы тиімді әлеуметтік нәтижелерге жетуге бағытталған теориялық модельдер, әдістер, зерттеу тәсілдері, әлеуметтік технологиялар, бағдарламалар мен ұсыныстар жиынтығы.

3) Масштабтық:

Макроәлеуметтану (этностар, мемлекеттер, әлеуметтік институттар, топтар)

Микроәлеуметтану (тұлғааралық қатынастар, топтардағы байланыстар үрдісі, күнделікті шынайылық саласы)

4. Әлеуметтік заң -әлеуметтік құбылыстар мен процестердің ең алдымен адамдардың әлеуметтік қызметінің барлық байланыстары немесе олардың іс-әрекетінің қасиетті, маңызы және мәнді көрінісі. Әлеуметтік заңдар түрлі индивидтер мен қауымдасулардың қызметінде байқалатын қатынастарды анықтайды. Бұл қатынастар халықтар, ұлттар, таптар, әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-кәсіптік топтар, қала мен ауыл, сонымен бірге қоғам мен әлеуметтік ұйымдар, қоғам мен еңбек ұжымдары, қоғам және отбасы, қоғам мен адам арасында болады.

Әлеуметтік заңдар адам өмірінің барлық саласында әрекет етіп, таралу ортасына қарай ажыратылады. Әрекеттері шағын топтарға, белгілі бір әлеуметтік страттарға, әлеуметтік жіктер мен топтарға, ең соңында, социологиялық заң ықпалы қоғамға толық, немесе бір бөлігіне ғана жүреді.

Басқа ғылыми заңдар сияқты әлеуметтік заңдардың да төмендегідей негізгі белгілері бар:

- 1) заң белгілі бір шарттар қатал орындалғанда ғана күшіне енеді;
- 2) бұл шарттар орындалғанда заң күшін жоймайды, барлық уақытта ештеңеге қарамастан әрекет етеді;
- 3) заңның күшіне енуіне қажетті шарттар толығымен емес, жарым-жартылай, жуық шамамен іске асады.

Заңдар әсер ету мерзіміне байланысты ажыратылады. Жалпы заңдар барлық қоғамның жүйесінде ықпал жасайды (мысалы, құн заңы, товарлы ақша қатынастары). Арнайы

заңдардың ықпалы бір немесе бірнеше қоғамдық жүйелермен шектеледі (мысалы, қоғамның бір түрінен екіншісіне өтумен байланысты немесе капиталдың алғашқы қолданылуы заңдары). Әлеуметтік қауымдасу дәрежесі бойынша да ажыратылады. Әлеуметтік саланың тұтастай дамуын сипаттайтын заңдар да бар. Кейбір заңдар әлеуметтік саланың жекелеген элементтерінің дамуын анықтайды. Мәселен, таптардың, ұлттардың және т.б.

Заңдарды көріну жолдары бойынша да анықтауға болады: динамикалық және статикалық (стохастикалық). Мұның біріншісі, әлеуметтік өзгерістердің бағытын, факторлары мен формаларын анықтап нақтылы жағдайлар мен оқиғалардағы бір ізділік пен бір жақты, қатаң байланыстарды белгілейді. Ал, статикалық заңдар болса әлеуметтік құбылыстарды динамикалық заңдардай қатаң негізде белгілемейді. Динамикалық заңдар себептілік және функционалдық болып бөлінеді. Себептілік динамикалық заңдар әлеуметтік құбылыстар дамуының қатаң негізделген байланыстарына сүйенеді. Мысалға, бір әлеуметтік-экономикалық формациядан екіншісіне өтудегі өндіріс тәсілдерінің рөлі. Ал, функционалдық динамикалық заңдар болса әлеуметтік құбылыстар арасындағы эмпирикалық бақыланатын және қатаң қайталанылатын өзара байланысты бейнелейді.

Статикалық (стохастикалық) заңдардың түрлеріне даму заңдары (мысалға, көпшіліктің материалдық және мәдени қажеттіліктерін үдете қанағаттандыру, өзін-өзі басқаруды дамыту) да, сонымен бірге жұмыс істейтін заңдар (айталық, еңбек ұжымындағы формальды және формальды емес құрылым, отбасындағы рөлдік міндеттердің бөлінуі) да қатыса алады.

5. Гносеологиялық қызмет бұл ғылымның танымдық құралдары жүйесінде жүзеге асады. Әлеуметтануда жекелеген бөліктерінің өмір сүру, даму заңдарын ашатын жалпы және арнаулы теориялар қолданылады. Таным құралдарына алғашқы эмпирикалық деректер жинаудың жолдары мен тәсілдері, мәліметтерді өңдеу, логикалық және математикалық фактілерді сипаттау және түсіндіру, яғни жаңа әлеуметтік білімдерді қалыптастыру жатады. Таным процесі әлеуметтік теорияларға, білімге мазмұндық және методологиялық жағынан жаңа теориялық, методологиялық парадигмаларды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұған сыншылдық қызмет те қосылады, ол зерттеліп жатқан нысандарды бағалаумен байланысты болғандықтан, аксеологиялық қызметпен толықтырылады. Нақтылы жағдай танылмайтын әлеуметтік факті ретінде көрінеді. Әлеуметтік құбылыстар үшін болжамдар жасалынуы аса маңызды шешім. Ол белгілі бір өзгерістерді ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қоса сондай өзгерістердің іске асуының нақты мүмкіндіктерін де анықтайды. Болжамдық қызмет әлеуметтік жүйенің болашақтағы мүмкін боларлық келбетін сипаттау, қоғамның немесе оның жеке буындарының әлеуметтік дамуын ғылыми тұрғыдан болжау арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтік жобалау мен конструкциялау функциясы. Әлеуметтану қоғамның қайта жасау, түрлендіру практикасына тікелей қызмет етеді. Әлеуметтік жобалаудың барысында әрбір ұйымның өмір сүруі, қызмет барысы жасалынады. Ұйымның өзі де, оның әрбір мүшесі де өздерін толық көрсете алатын, қоғамдық нәтижелерге қол жеткізетіндей жағдайда болуы керек. Сондықтан әлеуметтік жобалау мен конструкциялау барлық уақытта әлеуметтік процестің ақырын, қорытындысын анықтаумен байланысты. Ұйымдастыру – технологиялық функциясы. Бұл бағытта ұйымдастыру-технологиялық функция әлеуметтік жобалау функциясының заңды жалғасы болып шығады. Анықтап айтқанда, алға мақсат еткен әлеуметтік нәтижелерді жобасыз қол жеткізу мүмкін емес. Қоғамда әлеуметтік даму қызметінің қарқын алуына байланысты бұл функция аса күшті қолдау табуда. Әлеуметтік жобалау, әлеуметтік технологияның құрылуы қоғамдық практиканың «әлеуметтік тапқыштық»/ социальное изобретательство/ деген жаңа құбылыстық қасиетін тудырады.

Әлеуметтану басқару қызметімен де тікелей байланысты. Әлеуметтанудың ғылыми нәтижелері-кепілдемелер, ұсыныстар, әдістер, субъектінің түрлі сипаттамалық бағалаулары, оның практикасы басқару шешімдерінің жасалуы мен қабылдануына бастапқы жөн сілтейтін материал болып табылады. Бұл міндет осындай басқару шешімін және оның жүзеге асу жолдарын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етіп отырады.

Инструментальды функция. Әлеуметтану арнайы әдістерге ерекше мән береді. Осы бағытта әлеуметтанудың алғашқы ақпараттарын топтау, ізденістің әдістері мен инструментариі, есепке алу, өлшеу, талдау мен өңдеу жұмыстары ерекше мәнге ие болады. Маңызды мәнді мәселе болып проблеманы шешудің ұжымдық ізденіс әдісі: ойдың ықпалы, миға шабул т.б. әлеуметтік қатынастарды қайта жасаудың жолдарын анықтаудың керек тәсілдері саналады.

Бақылау сұрақтары:

- Әлеуметтану ғылымы дегеніміз не? Оның зерттеу нысаны мен пәні қандай?
- Әлеуметтанудың негізгі мақсаттары мен міндеттері қандай?
- «Әлеуметтік әлем» деген ұғымды қалай түсінесіз?
- Әлеуметтанудың басқа ғылымдардан айырмашылығы неде?
- Әлеуметтік құрылым және оның элементтері қандай?
- Әлеуметтанудың қандай заңдарын білесіз?

Әдебиет:

1. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
2. Ритцер Д., Степнички Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
3. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: Уч.пособие. – Алматы: Эверо,2016. – 584с.
4. Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: "Қазақ университеті", 2012. – 224б.
5. Социология. Основы общей теории: учебник / Под ред. Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичев. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Норма, 2015. - 912 с.
6. Macionis J. Society: The Basics. Pearson, 2016.
7. Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрэйтс Әлеуметтік зерттеу әдістері — Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы», 2020. — 814 б.
8. М. Коннолли, Л. Хармс, Д. Мэйдмент Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы— Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы», 2020. — 382 б.